



030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Ойыл ауылы, м/а «Клипанов» 24,
тел:8(71332)2-12-18

030900, Актюбинская область,
Уилский район, с. Уил, ул. Клипанов
дом 24 тел:8(71332)2-12-18

Ойыл селосы

Бұйрық №11

10.10.2025ж

«Қамқоршылық кеңес құрамын құру»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген /өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023жылғы №56/«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 09.10.2025жылғы №522 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

«Жолшы» бөбекжай-бақшасында қамқоршылық кеңесінің құрамы сайлансын:

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1.Төлешова Ардақ Сүйесінқызы

Төрайым орынбасары:

2. Дүсіпова Гүлнұр Тлеугалиевна

Мүшелері:

3.Акконисов Елдос Манарбекович

4. Тлектесов Жасұлан Тұрланович

5. Жангабулова Айгуль Бериковна

6. Ғаббасов Қайсар Ергенбайұлы

7. Асанғалиева Айнара Серикбаевна

"Жолшы" бөбекжай-бақшасы» меңгерушісі:



Ш.Р.Толыбаева

Қамқоршылық кеңес төрағасы
Төлешова Ардақ Сүйесінқызы

Бекітемін:
«Жолшы»бөбекжай-бақша»
меңгерушісі:
Ш.Р.Толыбаева



«Жолшы»бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 жоспар

№	Іс шара тақырыптары	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауапты	Аяқталу формасы
1. Педагогтар және ата-аналармен жалпы жиалысы				
2.Қамқоршылық кеңесінің отырысы				
1.	№1 отырыс: 1.2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2.»Жасыл балабақша» жобасына кіруге байланысты,жүзеге асыру жолдарын қарастыру.	қыркүйек	Кеңес төрағасы, МДҰ меңгерушісі кеңес мүшелері, меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	Жоспар, хаттама,
2.	№2 отырыс: 1. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру жолдарын қарастыру. 2.Он күндік ас мәзірін қарап ,бекіту	желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, МДҰ меңгерушісі, әдіскер, психолог	шешім, хаттама
3.	№3 отырыс: 1. Наурыз мерекесіне дайындық,ұйымдастыру, өткізу.	наурыз	МДҰ меңгерушісі, Қамқоршылық кеңестің төрағасы	Шешім хаттама
4.	№4 отырыс: 4.Балабақша ауласын жаңа оқу жылына дайындығы, жазғы абаттандыру жұмыстарының есебі. Күзгі жәрмеңкеде қорытындылау.	мамыр	МДҰмеңгерушісі, Қамқоршылық кеңестің төрағасы, меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	Шешім хаттама

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің
мүшелері туралы мәлімет.

№	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің аты-жөні	Мүшесі	Қызмет орны	Мекен жайы	Сот телефоны
1	Төлешова Ардақ Сүйесінқызы	Қамқоршылық кеңесі төрайымы	Ойыл аграрлық колледжінің пән мұғалімі	Ойыл селосы, Оноприенко көшесі №13	87071477551
2	Дүсіпова Гүлнұр Тлеугалиевна	Төрайымның орынбасары	Ойыл аудандық маслихатының аппарат басшысы	Ойыл селосы, Масатов көшесі №3	87715188110
3	Акконисов Елдос Манарбекович	Мүшесі	«Елдос» шаруа қожалығының басшысы	Ойыл селосы, Екібаев көшесі №1	87771593918
4	Тлектесов Жасұлан Тұрланович	Мүшесі	Аудандық білім бөлімінің заңгері	Ойыл селосы, Берсиев көшесі №3	87767922427
5	Жангабулова Айгуль Бериковна	Мүшесі	Жеке кәсіпкер	Ойыл селосы, Дүсіпов көшесі №10	87767606262
6	Ғаббасов Қайсар Ергенбайұлы	Мүшесі	Ойыл аудандық ПБ ЖПББ УПИ	Ойыл селосы, Қарағұлов көшесі №41	870188188 91
7	Асанғалиева Айнара Серикбаевна	Мүшесі	ПМПК музыка жетекшісі	Ойыл селосы, Қлипанов көшесі №5	87015594998

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК меңгерушісі



Ш.Р.Толыбаева


ОЙЫЛ АУДАНЫ
«ЖОЛШЫ» БӨБЕКЖАЙ-
БАҚШАСЫ» МКҚК
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



УИЛСКИЙ РАЙОН
ГККП «ЯСЛИ-САД «ЖОЛШЫ,
УИЛСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТИОБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Ойыл ауылы, м/а «Қлипанов» 24,
тел:8(71332)2-12-18

030900,Актюбинская область,
Уилский район,с.Уил,ул.Клипанов
дом 24 тел:8(71332)2-12-18



«Ойыл аудандық білім бөлімі»ММ
Басшысы Е.Б.Бегалинге

Сұраныс

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК әкімшілігі Сізден 2025-2026 оқу жылына, төмендегі қамқоршылық кеңесі мүшесіне өтініш берушілерді қабылдауға рұқсат беруіңізді сұрайды.

- 1.Төлешова Ардақ Сүйесінқызы
2. Дүсіпова Гүлнұр Тлеугалиевна
- 3.Акконисов Елдос Манарбекович
4. Тлектесов Жасұлан Тұрланович
5. Жангабулова Айгуль Бериковна
6. Ғаббасов Қайсар Ергенбайұлы
7. Асанғалиева Айнара Серикбаевна

"Жолшы"бөбекжай-бақшасы»меңгерушісі:



Ш.Р.Толыбаева

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 /білім Министрінің бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123, ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығы/ бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгі ережелеріне» сәйкес «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК 2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің құрылуы және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдайтындығы туралы хабарлайды.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК қамқоршылық кеңесінің құрамына үміткерлердің ұсыныстарын қабылдау Ойыл ауданы, Қлипанов көшесі, №24 мекен-жайы бойынша жүргізіледі.

Электронды мекен жайы: zholsh_uil@mail.ru


Байланыс телефоны: 8/713-32/2-12-08

Қосымша -1
«Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ
басшысы Е.Б.Бегалинге
Төлешова Ардақ Сүйесінқызы
Ойыл селосы, Оноприенко №13

Өтініш

Мен, Төлешова Ардақ Сүйесінқызы «Жолшы» бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңестің құрамына өз кандидатурамды ұсынамын.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» негізінде кеңестің мүшелігіне кандидатқа қойылатын талаптарға сәйкестігімді растаймын.

А.С.Төлешова:

/қолы/ 


2025-2026 оқу жылы

Қосымша -1
«Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ
басшысы Е.Б.Бегалинге
Тлектесов Жасұлан Тұрланович
Ойыл селосы, Берсиев №3

Өтініш

Мен, Тлектесов Жасұлан Тұрланович «Жолшы» бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңестің құрамына өз кандидатурамды ұсынамын.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» негізінде кеңестің мүшелігіне кандидатқа қойылатын талаптарға сәйкестігімді растаймын.

Ж.Т.Тлектесов:

/қолы/ 


2025-2026 оқу жылы

Қосымша -1
«Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ
басшысы Е.Б.Бегалинге
Акконисов Елдос Манарбекович
Ойыл селосы, Екібаев №1

Өтініш

Мен, Акконисов Елдос Манарбекович «Жолшы» бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңестің құрамына өз кандидатурамды ұсынамын.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» негізінде кеңестің мүшелігіне кандидатқа қойылатын талаптарға сәйкестігімді растаймын.

Е.М.Акконисов:

/қолы/ 

2025-2026 оқу жылы

Қосымша -1
«Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ
басшысы Е.Б.Бегалинге
Дүсіпова Гулнур Тлеугалиевна
Ойыл селосы, Масатов №3

Өтініш

Мен, Дүсіпова Гулнур Тлеугалиевна «Жолшы» бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңестің құрамына өз кандидатурамды ұсынамын. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» негізінде кеңестің мүшелігіне кандидатқа қойылатын талаптарға сәйкестігімді растаймын.

Г.Т.Дүсіпова:

/қолы/



2025-2026 оқу жылы

Қосымша -1
«Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ
басшысы Е.Б.Бегалинге
А.С.Асанғалиева
Ойыл селосы,Қлипанов№5

Өтініш

Мен, Асанғалиева Айнара Серикбаевна «Жолшы»бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңестің құрамына өз кандидатурамды ұсынамын.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» негізінде кеңестің мүшелігіне кандидатқа қойылатын талаптарға сәйкестігімді растаймын.

А.С.Асанғалиева :

/қолы/ 

2025-2026 оқу жылы

Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Қатысқаны: 12

Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар:

1.2025-2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Жасыл балабақша жобасына кіруге байланысты, жүзеге асыру жолдарын қарастыру

Тыңдалды.

Бірінші сұрақ бойынша, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы **А.С.Төлешова**: - Жаңа оқу жылымен құттықтап биыл осы құрам өз жұмысын соңғы жыл атқаратынын айтып өтті. 2025-2026 оқу жылына 4 отырыс болатынын, сондықтан жоспарымызды ұсынып, талқылап, бекітуді ұсынамын. Биылғы күзгі сый мерекесін өткізуге ата-аналар тарапынан өте жақсы қолдау болды, бала тәрбиесіне қатысып, балабақша ішкілік мерекелерді үнемі атсалысып отыру үшін біздің де үлесіміз зор деп, ойлаймын. Осы үрдісті жалғастыра отырып ендігі қыс мезгілінде өтетін Жаңа жыл мерекесін де балалармен педагогтермен бірге өткізу жұмыстарына етене араласып, ұйымдастыруға атсалысайық. Сонымен қатар ас-адамның арқауы дейді ғой, сол балаларымыздың дұрыс тамақтануын бақылау жұмысына араласып, бракераждық комиссия жоспарына енгізілген құрам мүшелері кезекпен қатысып, осы жұмысты жіті қадағалайық, өйткені бақылау бар жерде талапта орындалады. Келесі ұсыныс Наурыз мерекесін тойлау кезінде дайындық пен ұйымдастырып өтізуді жоспарға енгізуге ұсынамын. Сіздер тарапынан ұсыныс бар ма? Ал енді күзгі жәрмеңкені ұйымдастыруды жалғастыруды да жоспарға енгізуге ұсыныс жасаймын.

Қамқоршылық кеңес ұсыныстарды бір ауыздан қолдап, егізуді ұйғарды.

Екінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі **Ш.Р.Толыбаева** сөз алып: Қайырлы күн, құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері, биылғы 2025-2026 оқу жылында «Жолшы» бөбекжай-бақшасы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімімен «Жасыл-балабақша» жобаларын масштабтау ҚР Үкіметінің 2023 жылғы наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауын және Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын іске асыру мақсатында енгізіліп отыр. Матералдық базадан бөлек жұмыстарды атқару үшін ата-аналар тарапынан

Қамқоршылық кеңес жоспарына енгізуге ұсыныс беремін, деп сөзін аяқтады. Қамқоршылық кеңес мүшелері қолдау көрсетіп бүгінгі кеңесте қандай көмек бере алатындарын қарастыруды ұсынды. Өйткені жұмыс жоспары құрылып, енгізіліп жатыр. Бірақ тек қолда бар құралдарды қолдану аздық етіп отыр, осы орайда балабақшамыздың ата-аналарын ұйымдастыру жұмысын қарастыру керек, ол топтарда өтетін жиналыс, семинарларда айтылып, тапсырмалар берілу қажет деген ұсыныстар айтылды.

ШЕШІМ:

1. 2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңесі ата-аналарды балабақша ішілік барлық іс-шараларға қатыстыру жұмысын ұйымдастырсын. Демеушілік көмек көрсетуге кәсіпкерлер іздестіріліп және ұйымдастырылсын.
2. «Жасыл-балабақша» жобасын жоғары деңгейде атқарып шығу жолдарын қарастырып, көмек берілсін.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы
хатшы



А.С.Төлешова
В.А.Кадирова

Қатысқандар-12 адам.

Меңгеруші Ш.Р.Толыбаева әдіскер С.Жоламанова, шаруашылық меңгерушісі
Н.Б.Курманғалиева

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1. Төлешова Ардақ Сүйесінқызы
Мүшелері:

2. Тілектесов Жасұлан Тұрланұлы
3. Аққонысов Елдос Манарбекович
4. Дүсіпова Гүлнұр Тлеугалиевна
5. Жангабулова айгуль Бериковна
6. Ғаббасов Қайсар Ергенбайұлы
7. Асанғалиева Айнара Серикбаевна

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. Қамқоршылық кеңесінің кейбір құрамын жаңадан сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. **I. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы** Төлешова Ардақ Сүйесінқызы **сөз сөйледі.** Ата-аналар комитеттері мен қамқоршылық кеңесінің міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері жайлы таныстырды. Комиссия мүшелерімен таныстырып, қамқоршылық кеңес балабақшаның өзін-өзі басқару органы болып табылатынын және балабақшаның қызметі мен дамуына жәрдемдесу үшін құрылатынын айтып өтті. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібімен таныстырды.

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңестің (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

2. Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның дамуына ықпал ететін және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;

- 3) еріктілік,
- 4) ашықтық;
- 5) жариялылық пен шынайылық.

3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;
- 2) өз қызметін мектепке дейінгі ұйыммен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға міндетті.

II. Жаңадан сайланған қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен таныстырды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген /өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023 жылғы №56/«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне және «Аудандық білім бөлімі» ММ 09.10.2025 жылғы №522 бұйрығына сәйкес төмендегі қамқоршылық кеңесі мүшелері сайланды.

- Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып бекітуге ұсынылды. Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Г.Дүсіпова -Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:- Қорытындысын ертеңгіліктерде көріп жүрміз. Бала үшін көптеген жұмыстар да орындалып жатыр. Әр ата-ана үшін баласының осы мекемеде жан-жақты дамып мектепке үлкен даярлықпен баратынына сенімдімін ақылы қызмет жұмысы болса деген ұсынысым бар.

А.Асанғалиева -Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:- Балабақшадағы атқарылып жатқан жұмыстарға толық қанықпыз. Алдағы уақытта да ұлттық құндылықтарды балалардың бойына кішкентайынан сіңіру үшін арнайы бірлескен жақсы жұмыстар қарастырылса деп ойлаймын.

Мекеме әкімшілігі:- Ұсыныстарды қабылдаймыз. Ұлттық құндылықтарды балаларға үйрету бойынша қосымша жұмыс жасалуда.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайым Төлешова Ардақ Сүйесінқызы қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың құқығын сақтау бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Шешім:

1. Ата-аналардың ақылы қызмет туралы сұранысы қанағаттандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен мүшелері тағайындалып, бекітілсін.
3. Жоспардағы іс-шаралар мерзімге сай орында

Хатшы:  С.Жоламанова

Қамқоршылық кеңесі отырысының №2 хаттамасы

Қатысқаны: 12

Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар:

1. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру жолдарын қарастыру.
2. Ас мәзірін бекіту туралы.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша: Мекеме меңгерушісі Ш.Р.Толыбаева жаңа жылдық ертеңгіліктердің өткізу тәртібі, балалардың қауіпсіздігі, санитарлық талаптар және ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру туралы ақпарат берді. Мерекелік безендіру, демеушілік көмек тарту, сыйлықтарды біріздендіру және шығындарды ата-аналар комитетімен келісу қажеттілігі айтылды.

Сөйлегендер:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Ғаббасов Қайсар Ергенбайұлы – учаскелік полиция инспекторы сөз алды. Мен өз тарапымнан балабақшада өтетін жаңа жылдық мерекелік ертеңгіліктеріне атылатын, жарылатын, жанатын құралдардың қолданбауын қатаң бақылауға алуды ұсынамын. Балалардың денсаулығы мен өмірі бірінші жолда тұрғандықтан қауіпсіздікті сақтау жұмысын бақылайық. Жаңа жылдық ертеңгіліктер бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.

А.С.Төлешова: Рахмет өте жақсы ұсыныстар енді осы ұсыныстарымызды ата-аналарға жеткізіп, ұйымдастыруға атсалысайық.

Екінші сұрақ бойынша А.С.Төлешова: Медбике және бракераж комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің №302 бұйрығына енгізілген өзгерістерге сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру талаптары туралы хабарлады. Осы кезге дейін біз екі апталық ас мәзірін құрып келген едік, 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап 4 апталық перспективалық ас мәзіріне көштік, енді қыс-көктем ас мәзірін 4 апталық перспективалық қылып құрып бекітеміз. Тағамдардың тағамдық құндылығын сақтау, маусымдық көкіністер мен жемістерді көбейту қажеттілігін атап өтілді.

Кеңес мүшелері балалардың жас ерекшеліктеріне сай калория нормасын сақтау, аллергиясы бар балаларға жеке тамақтану қарастыру, ата-аналарды мәзірмен таныстырып отыру жөнінде ұсыныстар айтты.

